KazTransOil

## ЕСКЕРТУ

**«ҚазТрансОйл»** АҚ Атырау облысының аумағында «Өзен-Атырау-Самара», «Прорва-Құлсары», «3 МАС-Қосшағыл» магистралдық мұнай құбырлары, ТОБЖ байланыс желілері салынғанын, олар шақырымдық бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгенін ескертеді.

ҚР «Магистралдық құбырлар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленеді:

1. мұнайды тасымалдайтын магистралдық мұнай құбырлары трассалары бойында – құбыр осінің әрбір жағынан 50 (елу) метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр осінің әрбір жағынан 25 (жиырма бес) метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі;

2. бір техникалық дәлізде төселген көпжелілі құбырлар трассалары бойында - тасымалданатын өнім түріне байланысты шеткі құбырлар осьтерінен осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қашықтықтарда өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;

3. суасты өткелдері бойында - өткелдердің шеткі желілері осьтерінің әрбір жағынан 100 (жүз) метрге кейін қалатын қатар жазықтықтар арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кеңістігі учаскесі түрінде;

4. өнімді авариялық шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде - аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа 50 (елу) метрге кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде;

5. бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар парктері, өнім өлшеу тораптары, мұнайды қыздыру пункттері төңірегінде - аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа 100 (жүз) метрге кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады.

6. орманы жоқ учаскелерде елді-мекендерден тыс орналасқан жер асты кәбілдік және әуе байланыс желісі мен радиофикация – жерасты кабель трассасы немесе шеткі әуе желілері сымдарының әрбір жағынан кемінде 2 метр қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскелері түрінде.

**ҚР 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫНА СӘЙКЕС 30-ДАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН НЫСАНДАРДЫ САЛУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**

**ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**

Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:

- тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, көмуге және сындыруға;
- кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін күшейту пункттерінің қақпақтарын, қақпаларын және есіктерін, желілік арматураның торап қоршауларын, катодты және дренажды қорғау стансаларын, желілік және қарау құдықтары мен басқа желілік құрылғыларды ашуға, крандар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге;
- түрлі қоқыс орындарын жасауға, қышқылдар, тұздар мен сілтілердің ерітінділерін төгуге;
- жаға бекіту имараттарын, су өткізу құрылғыларын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құйылу мен тасымалданатын өнімнен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылғыларды) бұзуға;
- зәкірлерді суға тастауға, суға тасталған зәкірлермен, тізбектермен, сүйретпелермен және тралдармен өтуге, тереңдетіп қазу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге;
- от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға.

**Магистралдық мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында «ҚазТрансОйл» АҚ Құлсары мұнай құбырлары басқармасының жазбаша рұқсатынсыз тыйым салынады:**

### ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

«ҚазТрансОйл» АҚ Құлсары мұнай құбыры басқармасымен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистралдық құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға;

- бау-бақша өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жырытылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауылшаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ Құлсары мұнай құбыры басқармасымен келісілмеген қандай да бір жұмыстарды орындауға;
- магистралдық құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ Құлсары мұнай құбыры басқармасымен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистралдық құбырларда өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға;
- кез-келген құрылыстар мен имараттарды салуға;
- автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;
- мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға;
- «ҚазТрансОйл» АҚ Құлсары мұнай құбыры басқармасымен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге;
- ұңғымалардың, шурфтардың құрылғыларымен және топырақ сынамаларын (топырақ үлгілерінен басқа) алуға байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезикалық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізуге.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ҚР құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген ең аз қашықтықтарда магистралдық құбырларға жатпайтын кез-келген нысандардың құрылысына тыйым салынады.

**Магистралдық құбырлардың күзет аймақтарында кез-келген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар міндетті:**

- «ҚазТрансОйл» АҚ Құлсары мұнай құбыры басқармасынан «Магистралдық құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамда жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жобалау құжаттамасы бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.
- кем дегенде 5 тәулік бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ Құлсары мұнай құбыры басқармасының өкілін
- жұмыстарды жүргізу орнына шақыруға;
- құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті.

«ҚазТрансОйл» АҚ Құлсары мұнай құбыры басқармасы ҚР «Магистралдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері, сондай-ақ «Күзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатта» көрсетілген талаптар бұзылып, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы.

ҚР «Магистралдық құбырлар туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммникация желілерін күзету ережелері және ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «Магистралдық құбырлар» жергілікті билік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (меншік түріне қатыссыз) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады.

**Заң, кодекс, ережелер мен ҚР КЕ талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.**

**Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекен жайға хабарласу қажет:**

«ҚазТрансОйл» АҚ Құлсары мұнай құбыры басқармасы

Атырау облысы, Жылыой ауданы,Құлсары қ., өнеркәсіптік аймақ

Тел: 8 (7172) 55-52-52 - №2 техникалық учаскенің БДБ диспетчері, Астана қ.

Тел: 8 (71237) 73-224, 73-226 – «Құлсары» ЖӨДС ауысым бастығы, 8 (71237) 73-238 - ҚМҚБ МҚПК бастығы, 8 (71237) 73-239 - ҚМҚБ АҚКП бастығы.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Теңізшевройл» ЖШС «Жоспарланған қызметтің оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау материалдарын қамтитын (ҚОҚТ) жобаларына қатысты ТШО-ның әсер етуге экологиялық рұқсатын алуға өтінім пакетін» қарау бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылдың 30 сәуірінде сағат 10.00-де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Майкөмген а.о., Майкөмген а., Қарашұңғіл көшесі, 4, Мәдениет үйі ғимараты мекен-жайы бойынша және онлайн форматта (ZOOM арқылы) өтеді.

Учаскенің географиялық координаттары: 53° 24’ 36, 46° 09’ 49

Әсер ету аумағының географиялық координаттары:

Оңтүстік - 53° 25’ 49, 45° 51’ 43; Батыс - 53° 08’ 21, 46° 03’ 53;

Солтүстік - 53° 34’ 42, 46° 20’ 24; Шығыс - 53° 44’ 28, 46° 13’ 13.

Онлайн қосылуға сілтеме:

https://us06web.zoom.us/j/82761012692?pwd=upaNmAaBV7i5xKUx3PfedbMdkZsvmo.1

Конференция идентификаторы: 827 6101 2692

Кіру коды: 998025

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Теңізшевройл» ЖШС

БСН: 930440000929, бас кеңсе - Атырау қ. Сәтпаев көшесі, 3, тел.: +7 712 302 60 00

**Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:**

Мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған жобалық материалдарды қамтитын, әсер етуге экологиялық рұқсаттар алу үшін берілген Арыздың құрамындағы құжаттардың өтінімдік пакеті келесі жобалар бойынша:

1. Т-15NT ұңғымасына арналған алаңды дайындау
2. Кеніштегі 14 құбырды жою жобасы
3. Т-0110 ұңғымасының бақылау-өлшеу құралдары мен автоматика жүйесін жаңғырту
4. 48-1 шоғырланған ұңғылар алаңы (ШҰА) жинау жүйесін жаңғырту. 48–1 ШҰА дайындау
5. Қышқыл суды ҮБЗ зауытынан ЕБЗ-ға жіберу жүйесін жаңғырту. Түзету
6. Өндірістік базаның су ағынының тасымалдау жүйесін жаңғырту

Мемлекеттік экологиялық сараптама нысандарының құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері және байланыс деректері:

«Atyrau City» ЖШС: Атырау қ., Сары Арқа шағынауданы, 33-62, БСН: 050740003454, тел. +7 7122 97 0889, +7 7122 97 0998; «Каспиймұнайгаз» ҒЖЗИ АҚ: Атырау қ., Абай к-сі, 5, БСН:011040002347, тел.:+7 7122 99 2804, факс +7 7122 99 2882; “Каспий Инжиниринг” ЖШС: Атырау қ., Баймұханов к-сі 47б. БСН: 020640000946, тел. +7 7122 36 3010; «Engineering Services Provider» ЖШС: Атырау қ., Адмирал Лев Владимирский к-сі, 26В, БСН: 060940000062, тел. +7 7122 76 3861

Жобалық құжаттама https://ndbecology.gov.kz сайтында және жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды жазбаша немесе электрондық түрде мына мекен-жайға жіберуге болады: Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77, atr.priroda@atyrau.gov.kz, ga.arystanova@atyrau.gov.kz және Атырау қ., Б. Құлманов көшесі, 137, atyrau-ecodep@ecogeo.gov.kz.

Қосымша ақпаратты мына электрондық пошта және телефон нөмірі арқылы алуға болады: envpermit@tengizchevroil.com, +7 712 302 2826.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Теңізшевройл» ЖШС 2026 жылға арналған экологиялық әсер етуге рұқсатты алу. Түзету туралы Арызын қарау бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылдың 30 сәуірінде сағат 15.00-де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Майкөмген а.о., Майкөмген а., Қарашұңғіл көшесі, 4, Мәдениет үйі ғимараты мекен-жайы бойынша, және онлайн форматта (ZOOM арқылы) өтеді.

Учаскенің географиялық координаттары: 53° 24’ 36, 46° 09’ 49

Әсер ету аумағының географиялық координаттары:

Оңтүстік - 53° 25’ 49, 45° 51’ 43

Батыс - 53° 08’ 21, 46° 03’ 53

Солтүстік - 53° 34’ 42, 46° 20’ 24

Шығыс - 53° 44’ 28, 46° 13’ 13

Онлайн қосылуға сілтеме:

https://us06web.zoom.us/j/82458525638?pwd=cjNFOk1UsU734a1PqJyZ7YLkBhSbcv.1

Конференция идентификаторы: 824 5852 5638

Кіру коды: 053363

Бастамашы: «Теңізшевройл» ЖШС

БСН: 930440000929, бас кеңсе - Атырау қ. Сәтпаев көшесі, 3, тел.: +7 712 302 60 00

**Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:**

Жоспарланған қызмет жобалары үшін 2026 жылға арналған экологиялық әсер етуге рұқсатты алу. Түзету туралы Арыздың құрамында мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған жобалық материалдар.

1. «Теңізшевройл» ЖШС нысандары үшін 2026 жылға арналған рұқсат етілген атмосфералық шығарындылар нормативтері жобасы. Түзету.
2. «Теңізшевройл» ЖШС сарқын сулармен ағызатын заттардың 2026 жылға арналған рұқсат етілген төгінділері нормативтерінің жобасы. Түзету.
3. «Теңізшевройл» ЖШС-інің күкіртті күкірт алаңдарына орналастырудың 2026 жылға арналған нормативтері жобасы. Түзету.
4. «Теңізшевройл» ЖШС нысандары үшін 2026 жылға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасы. Түзету.
5. «Теңізшевройл» ЖШС-інің 2026 жылға арналған өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы. Түзету.
6. Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары. Түзету.

Мемлекеттік экологиялық сараптама нысандарының құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері және байланыс деректері:

SED» ЖШС, Алматы қ., Наурызбай ауданы, Дархан с/о, 4А, БСН: 040840002110, тел.: +7 7272 47 23 23, факс: +7 727 338-23-74, www.sed.kz, sed@sed.kz.

Жобалық құжаттама https://ndbecology.gov.kz сайтында және жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды жазбаша немесе электрондық түрде мына мекен-жайға жіберуге болады: Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77, atr.priroda@atyrau.gov.kz, ga.arystanova@atyrau.gov.kz және Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел көш., 8, 14 кіреберіс, kerk@ecogeo.gov.kz.

Қосымша ақпаратты мына электрондық пошта және телефон нөмірі арқылы алуға болады: envpermit@tengizchevroil.com, +7 712 302 2826.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Теңізшевройл» ЖШС 2026 жылғы 17 сәуірге белгіленген «Жоспарланған қызметтің оңайлатылған тәртіп бойынша экологиялық бағалау материалдарын қамтитын (ҚОҚТ) жобаларына қатысты ТШО-ның әсер етуге экологиялық рұқсат алу жөніндегі өтінім пакетін» қарау мақсатында ашық жиналыс түрінде өткізілетін қоғамдық тыңдаудың 2026 жылғы 30 сәуірге ауыстырылатыны туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаудың кейінге қалдырылуы бұрын жарияланған хабарландыруда көрсетілген интернет-ресурстың мекен-жайын көрсету кезінде жіберілген техникалық қателікке байланысты жүзеге асырылады.

Қоғамдық тыңдаудың өткізу туралы жаңартылған хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында және ресми интернет-ресурстарда белгіленген тәртіппен жарияланды.

Қосымша ақпаратты мына электрондық пошта және телефон нөмірі арқылы алуға болады: envpermit@tengizchevroil.com +7 712 302 2826

**Атырау қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 16 наурыздағы №528 қаулысы**

**Мендибай Даулетьярович Джумагазиевке берілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 84, 85-баптарын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабын басшылыққа алып және Астана қаласының Жоғарғы Сотының 2024 жылғы 27 маусымдағы №6001-23-00-6ап/3316 қаулысы негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 110 кВ әуе электр желісі құрылысын салу жоспарлануына және басқа мүмкіндіктердің болмауына байланысты, Мендибай Даулетьярович Джумагазиевке (600510302321) жеке тұрғын үй құрылысын салу және пайдалану үшін берілген Атырау қаласы, Еркінқала ауылдық округі, Ракуша ауылы, Қазақстан көшесі, №22 үй мекенжайында орналасқан (04-066-061-1028) көлемі 0,129 гектар жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Аталған жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2026 жылдың 31 желтоқсаны болып белгіленсін.

3. Келісім рәсімдерін жүзеге асыру үшін жер учаскесінің меншік иесіне Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, №101-А мекенжайы бойынша орналасқан «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі ғимаратына хабарласу ұсынылсын.

4. «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

**Қала әкімі Ш.Кейкин**

**Атырау қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 16 наурыздағы №529 қаулысы**

**Арнур Хибатоллаевич Хайрмеденовке берілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 84-баптарын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының63-бабын басшылыққа алып және «Атырау облысы Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы міндетін атқарушының 2026 жылғы 19 ақпандағы №06-01-09-03-01/311 хаты негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Орта және көп қабатты тұрғын үйлермен қатар, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын салу жоспарлануына және басқа мүмкіндіктердің болмауына байланысты, Арнур Хибатоллаевич Хайрмеденовке (820410301335) спорттық емдеу-сауықтыру және ойын-сауық кешенін пайдалану және құрылысын салу үшін берілген Атырау қаласы,Атырау-Орал тас жолы бойында орналасқан (04-066-004-249) көлемі 60,0000 гектар жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Аталған жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2026 жылдың 31 желтоқсаны болып белгіленсін.

3. Келісім рәсімдерін жүзеге асыру үшін жер учаскесінің меншік иесіне Атырау қаласы, Қаныш Сәтбаев көшесі, №5 үй мекенжайы бойынша орналасқан «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ғимаратына хабарласу ұсынылсын.

4. «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаулыны жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

**Қала әкімі Ш.Кейкин**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Атырауинжстрой-АИС» ЖШС келесіні хабарлайды: 31.03.2026 жылдан бастап «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталында 10 жұмыс күні ішінде (https://ndbecology.gov.kz/) облыстық манызындағы «Индер-Қарабау-Миялы-Сағыз (0-80 км. учаскесі ) автомобиль жолының бойындағы бүлінген жерлерді қайта қалпына келтіру» жобасының қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады ).

Бастамашысы – «Атырауинжстрой-АИС» ЖШС, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сарықамыс шағынауданы, ЖИЕМБЕТ көшесі, 4, БСН 010240004437 Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: Газизова А.М. (27.07.2022 ж. № 02530Р тарау), БҚО, Орал қ., у. Громов к-сі, 9, тел.: 8 (777) 4683938. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен, ал кейін және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен сайтта танысуға болады https://ndbecology.gov.kz / және https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады Shevchenko_anuta@mail.ru e-mail: және тел: 8 (777) 4683938. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қолжетімділігін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі 77, тел.: +7 (712) -2354559, электрондық мекен-жайы: atr.priroda@atyrau.gov.kz

## Қоғамдық тыңдаулар

31.03.2026 ж. бастап 06.04.2026 ж. дейін ҚО мен ТРЖ ҰДБ сайтында https://ndbecology.gov.kz/ «Ақтөбе-Атырау-РФ Астраханьға шекарасы» республикалық маңызы бар автомобиль жолының 648-693 км-ін қайта жаңарту үшін пайдаланылатын Атырау облысының Исатай ауданындағы «Тодини Коструционн Дженерали С.п.А» АҚ-ның «Аккыстау» өндірістік базасы жұмыс жобасы» бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

**Белгіленген қызметтің бастамашысы:** «Тодини Коструционн Дженерали С.п.А..» АҚАқтөбе филиалы, БСН: 170941035192. Мекен-жайы: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ.ә., Ақтөбе қ., Астана ауданы, Әлия Молдағұлова даңғылы, 18, 2 п.. Тел: +77019565986, email: todini_aktobe@todini.it.

**Әзірлеуші:** «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН110440009773. Мекен-жайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Көшек батыр к-сі, 165, тел. +77474676274, e-mail: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен электрондық мекен-жайы: тел. +77474676274, e-mail: zh.zherkoinauy@mail.ru. Жоба материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.